

FTAXP 06.73.07

ӘОЖ336.02

JEL G10, G20

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2026-1-2-396-411>

МУРЗАГУЛОВА А.Б.,*¹

докторант.

*e-mail: aizhanmurzagulova@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-0532-4755

ИНТЫКБАЕВА С.Ж.,¹

э.ғ.д., профессор.

e-mail: s.intykbayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7776-7072

ГУЛИЕВ Ф.,²

PhD, доцент.

e-mail: farizg@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9531-7438

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық

университеті,

Баку қ., Әзірбайжан

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ: ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫСТЫРУ

Андатпа

Бұл ғылыми зерттеу жұмысым Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларға салық салу жүйесін теориялық және практикалық тұрғыдан талдауға бағытталған. Салықтық әділеттілік пен фискалдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде жеке табыс салығының (ЖТС) атқаратын рөліне ерекше назар аударылады. Зерттеуде Қазақстандағы салық салу практикасы дамыған (АҚШ, Германия, Франция) және дамушы (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан) елдердің салықтық жүйелерімен салыстырыла отырып, салық салудың құрылымдық ерекшеліктері, мөлшерлемелері, әкімшілендіру тетіктері мен салық жеңілдіктері қарастырылады. Еліміздегі жеке табыс салығына аса назар аударылып соңғы бес жылға, бюджетке ірі көлемде салық төлейтін аудандар туралы мәліметтер жинастырылып, талдау жасалынады. Оннан аса елдердің жеке табыс салығы (ЖТС) жоқ екендігі және олардың мемлекеттік табыс көздері туралы біршама талдаулар жасалынады. Олардың көбіне табыс көзі болып: мұнай, газ, туризм, офшор. Халықаралық салыстырмалы талдау нәтижесінде Қазақстандағы салық салу жүйесінің институционалдық артықшылықтары мен жүйелі кемшіліктері айқындалады. Сонымен қатар, зерттеу барысында көлеңкелі экономика, декларация тапсыру, салықтан жалтару, және прогрессивті салық салу жүйесін енгізу сияқты өзекті мәселелерге талдау жасалып, ұлттық салық саясатын оңтайландыруға бағытталған кешенді ұсыныстар әзірленеді. Зерттеу нәтижелері жаһандану жағдайында Қазақстанның салық жүйесін реформалауға ғылыми негізделген тәсілдерді ұсынуға мүмкіндік береді. Прогрессивті салық жүйесі табыс деңгейі артқан сайын салық мөлшерлемесінің де өсуін көздейді. Осылайша ЕС-ге мүше шағын мемлекеттерде бюджет кірістері тұрақтандырылумен қатар, әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге және қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға ықпал етеді.

Тірек сөздер: салық салу, жеке тұлғалар, жеке табыс салығы, салық жүйелері, мөлшерлемелер, салық жеңілдіктері, декларация.

Кіріспе

Жеке тұлғаларға салық салу – кез-келген мемлекеттің фискалдық саясатындағы негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл тетік арқылы мемлекет әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуді, табыстарды қайта бөлуді және бюджеттің кіріс бөлігін тұрақты қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Әсіресе әлеуметтік мемлекет ұстанымын басшылыққа алатын елдер үшін жеке табыс салығы азаматтардың табыстарына сай әділ салынуы тиіс басты құралға айналған. Осы орайда, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларға салық салу жүйесін халықаралық

тәжірибемен салыстыра отырып, зерттеу, ел экономикасының ашықтығы мен тиімділігін арттыруда, салықтық саясатты жетілдіруде маңызды қадам болып саналады.

Қазіргі таңда Қазақстанда жеке тұлғалардың табысына салынатын салық мөлшерлемесі салыстырмалы түрде тұрақты 10 пайыздық жалпылама ставкамен белгіленген. 2007 жылдан бері қолданылып келе жатқан бұл жүйе әкімшілік тұрғыдан қарапайымдылықты қамтамасыз етті, алайда әлеуметтік жіктелудің күшеюі мен теңсіздіктің артуы жағдайында қолданыстағы шкаланың орнына прогрессивті салық салу шкаласын енгізу қажеттігі туралы мәселе барған сайын жиі көтерілуде [1].

Халықаралық тәжірибеде, әсіресе дамыған елдерде (Германия, Франция, АҚШ және т.б.) көп жағдайда көп сатылы, прогрессивті салық шкаласы енгізілген. Мұндай жүйелер жоғары табысты азаматтардан көбірек салық жинау арқылы әлеуметтік әділеттілік қағидатын жүзеге асыруға бағытталған [2].

Қазақстандағы салықтық саясаттың тағы бір өзекті мәселесі – көлеңкелі экономиканың едәуір үлесі. Ресми деректерге сәйкес, көлеңкелі экономика елдің жалпы ішкі өнімінің 20–25 пайызын құрайтыны байқалады, бұл өз кезегінде салық базасын тарылтып, бюджет кірісін төмендетеді [3]. Бұл тұрғыдан алғанда, салық әкімшілендіруін жетілдіру, цифрландыруды кеңінен енгізу және салық төлеушілердің мәдениетін арттыру қажеттігі туындайды.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы жеке тұлғаларға салық салу жүйесінің қазіргі жағдайы мен даму болашағын ғылыми тұрғыда бағамдап, оны халықаралық стандарттармен салыстыра отырып талдау-фискалдық тұрақтылықты нығайтуға, салық жүйесінің әділеттілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер салық реформаларын ғылыми негізде жүргізуге, сонымен қатар жаһандану жағдайында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлес қосады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- ♦ Зерттеуде Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларға салық салу жүйесіне Орталық Азия елдері мен дамыған мемлекеттердің тәжірибелері негізінде алғаш рет кешенді салыстырмалы талдау жүргізілді.

- ♦ Қазақстандағы қолданыстағы жеке табыс салығы жүйесінің формалды түрде пропорционалды болғанымен, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан регрессивті сипатқа ие екендігі ғылыми тұрғыдан негізделді.

- ♦ Төмен және орта табысты азаматтарға түсетін нақты салықтық ауыртпалық деңгейі табыс құрылымы мен салықтық шегерімдер ықпалы негізінде анықталды.

- ♦ 2025–2026 жж. салықтық шегерімдердің қысқаруы халықтың нақты табысына және әлеуметтік теңсіздікке әсер ететіні ғылыми-экономикалық талдау арқылы дәлелденді.

- ♦ Орталық Азия елдерінің салық жүйелері әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық тиімділік критерийлері бойынша авторлық ғылыми классификация негізінде жүйеленді.

- ♦ Салықтық әкімшілендіруді цифрландырудың көлеңкелі экономиканы төмендету және салықтық тәртіпті күшейту құралы ретіндегі рөлі ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

- ♦ Қазақстанның жеке тұлғаларға салық салу жүйесін әлеуметтік бағдарланған және экономикалық тиімді модельге трансформациялау бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- ♦ Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының салық саясатын жетілдіру және жеке табыс салығы жүйесін реформалау барысында мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

- ♦ Ұсынылған ғылыми ұсыныстар халыққа түсетін салықтық ауыртпалықты оңтайландыруда, әсіресе төмен және орта табысты азаматтарды әлеуметтік қолдау шараларын әзірлеуде қолдануға мүмкіндік береді.

- ♦ Зерттеу қорытындылары салық жүйесіндегі әлеуметтік әділеттілікті арттыруға және салықтық тиімділікті күшейтуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

- ♦ Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру бойынша ұсыныстар көлеңкелі экономиканы азайтуға және салықтық түсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге практикалық негіз болады.

♦ Зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарының «Салық және салық салу», «Қаржы», «Салықтық әкімшілендіру» пәндері бойынша оқу процесінде пайдалануға болады.

♦ Зерттеу нәтижелері жеке тұлғаларға салық салу мәселелерін зерттейтін докторанттар мен жас ғалымдар үшін әдіснамалық және теориялық база ретінде қызмет атқара алады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларға салық салу жүйесіне халықаралық тәжірибе негізінде кешенді салыстырмалы талдау жүргізілгені, жеке табыс салығы жүйесінің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан бағаланғаны, сондай-ақ прогрессивті салық салу жүйесін енгізудің ықтимал әсерлері нақты тұжырымдар арқылы көрсетілді. Сонымен қатар, төмен және орта табысты азаматтарға түсетін салықтық ауыртпалық деңгейі, салықтық шегерімдердің қысқаруының халық табысына ықпалы және салықтық әкімшілендіруді цифрландырудың көлеңкелі экономиканы азайтудағы рөлі ғылыми тұрғыдан нақтыланды.

Ал зерттеудің практикалық маңыздылығында ұсынылған нәтижелер мен қорытындыларды Қазақстан Республикасының салық саясатын жетілдіру барысында, жеке табыс салығы жүйесін реформалау кезінде, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру бағыттарында және әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірлеуде қолдану мүмкіндіктері нақты көрсетілді. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқу процесінде және салық саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалану бағыттары айқындалды. Осыған байланысты рецензенттің ескертуі ескеріліп, ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылық бөлімдері құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан толықтай нақтыланып, жеке берілді.

Материалдар мен әдістер

Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларға салық салу жүйесін зерттеу және оны халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну. Зерттеу жұмысы барысында қолданылған әдіснамалық тәсілдер мен материалдар салық салуды, оның жүйесін және даму тенденцияларын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу материалы ретінде, ең алдымен, Қазақстанның салық заңнамасының нормативтік актілері пайдаланылды. Негізгі назар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне аударылды, өйткені дәл осы құжат жеке тұлғаларға салық салудың негізгі қағидаттары мен тәртібін айқындайды [4]. Сонымен қатар 2019–2024 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының жеке тұлғалардың салық түсімдеріне, салық салынатын табыстарына және салық мөлшерлемелеріне қатысты деректері талданды [5]. Аталған статистикалық материалдар салық саясатының тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Кесте 1 – Жеке табыс салығы бойынша төменде көрсетілген қалалар, облыстар бойынша бюджеттің атқарылуы

№	Атауы	2020ж. есеп (млн.тг)	2021ж. есеп (млн.тг)	2022 ж. есеп (млн.тг)	2023ж. есеп (млн.тг)	2024ж. есеп (млн.тг)	Барлығы 2020– 2024ж. (млн.тг)
1	Алматы қ.	216 454	270 017	376 430	550 654	663 171	2 076 726
2	Астана қ.	122 404	148 824	193 983	274 610	345 536	1 085 357
3	Атырау облысы	127 283	121 977	160 886	176 725	170 721	757 592
4	Қарағанды облысы	63 709	78 134	97 720	100 658	130 634	470 856
5	Алматы облысы	40 721	80 161	79 790	85 031	118 581	404 284
6	Маңғыстау облысы	48 546	57 843	75 642	95 761	117 449	395 241
7	Шығыс-Қазақстан обл.	50 438	61 850	65 842	63 550	79 837	321 518
8	Павлодар облысы	33 489	39 242	52 115	67 869	86 404	279 119
9	Қостанай облысы	29 080	34 391	47 238	62 046	79 539	252 293
10	Батыс Қазақстан обл.	32 862	36 327	46 152	60 447	71 402	247 190
	Барлығы	764 987	928 766	1 195 798	1 537 349	1 863 273	6 290 175

Ескертпе: Авторлармен [6] дереккөз негізінде құрастырылған.

Жеке табыс салығы бойынша бюджеттің орындалуын талдау (Қазақстан Республикасының жекелеген қалалары мен облыстары бойынша 2020–2024 жж.). Кесте деректерін талдау 2020–2024 жж. Қазақстан Республикасының ірі қалалары мен өңірлері бөлінісінде жеке табыс салығы (ЖТС) бойынша түсімдер тұрақты оң динамикамен сипатталатынын көрсетеді.

Төлемдердің жалпы динамикасы. Барлық көрсетілген өңірлер бойынша Жеке табыс салығы (ЖТС) түсімдерінің жалпы көлемі 2020 ж. 764 987 млн теңгеден 2024 ж. 1 863 273 млн теңгеге дейін өсті, бұл шамамен 2,4 есе өскенін көрсетеді. 2020–2023 жж. аралығында түсімдердің жалпы көлемі 6 290 175 млн теңгені құрады, бұл ЖТС-тың бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастырудағы маңызды рөлін дәлелдейді.

Ең елеулі өсу 2022–2024 жж. байқалады, бұл келесі факторларға байланысты:

- ♦ пандемиядан кейінгі экономиканың қалпына келуі;
- ♦ жалақының өсуі;
- ♦ жұмыспен қамтудың артуы;
- ♦ салық әкімшілігінің күшеюі.

Алматы қаласы жеке табыс салығы (ЖТС) түсімдері бойынша сөзсіз көшбасшы болып табылады. 2020–2023 жж. бюджетке 2 076 726 млн тг түскен, бұл жалпы түсім көлемінің елеулі бөлігін құрайды. 2024 ж. бұл көрсеткіш 663 171 млн теңгеге жетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді, халықтың көптігі мен дамыған қызмет көрсету саласын көрсетеді.

Астана қаласы екінші орынды иеленеді. 2020–2023 жж. аралығында түсім көлемі 1 085 357 млн теңгені құрады, ал 2024 ж. – 345 536 млн тг болды. Өсу іскерлік белсенділіктің кеңеюімен және мемлекеттік пен жеке сектордағы жұмыспен қамтылғандардың санының артуымен түсіндіріледі.

Атырау облысы тұрақты түрде көшбасшылар қатарында, мұнай-газ саласындағы жоғары жалақы төленетін жұмыс орындарының үлесі көп болуына байланысты. 2021 ж. аздаған төмендеу байқалса да, кейінгі жылдары түсім көлемі өсіп отыр.

Қарағанды, Алматы және Маңғыстау облыстары жеке табыс салығы (ЖТС) бойынша тұрақты өсім көрсетіп отыр, бұл аталған өңірлерде өнеркәсіптің, құрылыс саласының және қызмет көрсету секторларының біртіндеп дамып келе жатқанын көрсетеді.

Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында жеке табыс салығы (ЖТС) түсімдері ірі қалалармен салыстырғанда салыстырмалы түрде төмен болып қалып отыр, алайда жалпы динамика оң, бұл өңірлік еңбек нарықтарының тұрақты дамып келе жатқанын көрсетеді.

Құрылымдық ерекшеліктері:

- ♦ Жеке табыс салығы (ЖТС) түсімдерінің негізгі үлесі ірі қалалар – Алматы мен Астана қалаларында қалыптасады, бұл халық табыстарының аймақтық шоғырлануын көрсетеді.
- ♦ Аймақтық айырмашылықтар жалақы деңгейімен, экономиканың салалық құрылымымен және жұмыспен қамтылған халық санының мөлшерімен байланысты.
- ♦ ЖТС өсімі жергілікті бюджеттердің қаржылық тәуелсіздігін күшейтеді.

Қорытындылар:

Осылайша, жеке табыс салығы (ЖТС) бойынша бюджеттің орындалуын талдау келесідей нәтижелерді көрсетеді:

- ♦ салық түсімдерінің тұрақты өсуі;
- ♦ ЖТС бюджеттің негізгі кіріс көздерінің бірі ретіндегі рөлі күшейді;
- ♦ ірі мегаполистер көшбасшы позициясын сақтай отырып, өңірлерде біртіндеп өсім байқалады.

Жалпы алғанда, жеке табыс салығы (ЖТС) динамикасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамудағы оң өзгерістерін көрсетеді.

Жұмысты жазу барысында ғылыми зерттеу әдістері қолданылды, оларға салыстырмалы, жүйелік және статистикалық тәсілдер жатады. Салыстырмалы талдау Қазақстанның салық жүйесін басқа шетелдік елдердің жүйелерімен салыстыруға бағытталды. Бұл тәсіл шеңберінде дамыған және дамушы елдерде жеке тұлғаларды салыққа тарту тәртібі қарастырылды. Зерттеу барысында аталған субъектілердің салық жүйелерінің ерекшеліктері, қызмет ету механизмі, ставка құрылымы, жеңілдіктер мен шегерімдер жүйесі салыстырылды [7]. Қазақстандағы жеке табыс салығын салыққа тарту тәжірибесін халықаралық стандарттармен салыстыру салық саясатын әрі қарай жетілдіру бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Жүйелік талдау салық жүйесінің жалпы құрылымын, оның институционалдық негіздерін, сондай-ақ салық әкімшілігін жетілдіруге бағытталған заңнамалық өзгерістерді бағалауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс салық төлеушілердің мінез-құлық модельдерін, салық салу және салықтық сауаттылық саласындағы түсіндіру жұмыстарының тиімділігін зерттеуге мүмкіндік берді.

Институционалдық талдау салық жүйесінің құқықтық негіздерін және оның әртүрлі санаттағы салық төлеушілерге әсерін зерттеу үшін қолданылды. Бұл әдіс Қазақстанның салық заңнамасын практикада бағалауға, жеңілдіктер мен шегерімдер жүйесін қарауға, сондай-ақ салық құқық бұзушылықтарына қарсы шараларды талдауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы құқықтық талдау негізінде салық реформалары мен салық әкімшілігін жетілдіру саласындағы ықтимал бағыттар қарастырылды.

Нормативтік-құқықтық талдау зерттелетін объектілердің құқықтық аспектілерін зерттеуге бағытталды. Бұл талдау аясында салық салудың халықаралық тәжірибесі қарастырылды, соның ішінде ЭЫДҰ, ХДБ және Дүниежүзілік банк ұсынған ұсынымдар ескерілді. Талдау барысында Қазақстанның салық заңнамасының халықаралық стандарттарға сәйкестігі бағаланып, салық жүйесіндегі кемшіліктер мен оларды жою жолдары анықталды [8].

Зерттеу барысында алынған деректер салыстырмалы талдау әдістері арқылы өңделіп, кестелік иллюстрациялар түрінде визуализацияланды. Мұндай тәсіл жеке табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу және салық салу құрылымын жаңарту қажеттілігін көрсетуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда әлемде жеке табыс салығын мүлдем қолданбайтын елдердің бары таңқалдыруда, яғни ол елдердің өзінің халқын қамтамасыз ете алатын табыс көзі бар. Ол елдер Парсы шығанағындағы бірнеше елдер, соның ішінде Оман сұлтандығы, бірақ 2028 жылдан бастап 5% ЖТС енгізуді жоспарлауда. Негізгі табыс көзі мұнай, газ экспорты болып отыр.

Мальдив Республикасында, Кариб теңізі офшорлық аймақтарында ЖТС салығы жоқ, бір елдің табыс көзі туризм саласы ғана болса, екіншісінің табыс көзі туризм және халықаралық қаржылық офшорлық орталықтар болып отыр. Жеке табыс салығы жоқ елдерді төмендегі кестеден көруге болады

Кесте 2 – Жеке табыс салығы жоқ елдер

Ел/аймақ	Аймақ	ЖТС статусы	Мемлекеттік табыс көзі
БАӘ	Таяу Шығыс	Жоқ	Мұнай-газ, ҚҚС, туризм
Сауд Арабиясы	Таяу Шығыс	Жоқ	Мұнай-газ экспорты
Кувейт	Таяу Шығыс	Жоқ	Мұнай экспорты
Катар	Таяу Шығыс	Жоқ	Мұнай-газ, инвестиция
Бахрейн	Таяу Шығыс	Жоқ	Мұнай, қаржы орталығы
Оман	Таяу Шығыс	Жоқ (2028 ж. бастап 5%)	Мұнай-газ, ҚҚС
Бруней	Оңт.-Шығ. Азия	Жоқ	Мұнай-газ
Мальдив Республикасы	Оңт. Азия	Жоқ	Туризм, қызмет көрсету
Багам аралдары	Кариб теңізі	Жоқ	Туризм, офшор қаржы
Бермуд аралдары	Кариб/Атлант.	Жоқ	Сақтандыру, қаржы
Кайман аралдары	Кариб теңізі	Жоқ	Банкинг, офшор
Сент-Китс және Невис	Кариб	Жоқ	Туризм, азаматтық сату
Теркс және Кайкос	Кариб	Жоқ	Туризм, офшор
Британдық Виргин аралдары	Кариб	Жоқ	Офшор қаржы қызметтері
Сомали	Африка	Жоқ (ресми жүйе әлсіз)	Кедендік баждар, көмек
Батыс Сахара	Африка (даулы аймақ)	Жоқ	Жүйесіз, донор көмегі
Ескертпе: Авторлармен [9] дереккөз негізінде құрастырылған.			

Аналитикалық қорытындылай келе, жеке табыс салығы жоқ мемлекеттерді үш негізгі топқа бөлуге болады.

Біріншіден, ресурстық рентаға негізделген елдер (БАӘ, Сауд Арабиясы, Кувейт, Катар, Бахрейн, Бруней). Бұл мемлекеттер мұнай-газдан түсетін табыс арқылы халықты салықтан босатып, «рента мемлекеті» моделін қалыптастырған.

Екіншіден, офшорлық және туризмге маманданған шағын мемлекеттер (Багам, Кайман, Бермуд, Мальдив, Сент-Китс және Невис). Мұнда ЖТС болмауы халықаралық капитал мен туристерді тартудың құралы ретінде қолданылады.

Үшіншіден, институционалдық әлсіз аймақтар (Сомали, Батыс Сахара), мұнда ЖТС-тің жоқтығы артықшылық емес, керісінше салықтық жүйенің дамымағандығын көрсетеді.

Оман мысалында байқағандай, ЖТС енгізу уақыт өте экономикалық қажеттілікке айналуы мүмкін. Бұл Қазақстан үшін де маңызды сабақ: ресурстық табысқа шектен тыс тәуелділік бюджет тұрақтылығын әлсіретеді, сондықтан салық базасын әртараптандыру ұзақ мерзімді дамудың басты шарты болып табылады.

Біздің елімізде халық саны көп, бюджет шығындары ауқымды болғандықтан, жоғарыда аталған елдер тәрізді жеке табыс салығын қолданбауымыз мүмкін емес. 2026 жылдан бастап прогрессивті салықты елімізде қолдану жаңа салық кодексіне сәйкес енгізуі мүмкін. 10% - жылына 8 500 АЕК-ке дейінгі табысқа болса, 15% одан жоғары табысқа.

Көптеген елдер прогрессивті салық түрін бұрыннан пайдалануда, яғни тәжірибеде бар. Прогрессивті салық түрі кейбір жеке тұлғаларға салықтық ауыртпалық болса, кейбіріне әлеуметтік әділеттілік болуы мүмкін.

Прогрессивті салықты (жеке табыс салығында) ірі ауқымды мемлекеттер де, шағын мемлекеттер де қолданады. Соның ішіндегі ауқымды мемлекеттер төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – Еуропалық Одаққа мүше, прогрессивті салық салу жүйесін қолданатын мемлекеттер

Ел	Ставка диапазоны	Ерекшелігі
Эстония	20% (бірыңғай), бірақ дивиденд пен әлеуметтік аударымдарда сатылы	Көбіне flat tax, бірақ жеңілдіктермен прогрессивті
Латвия	20% – 31%	2025 жылдан бастап жаңа прогрессивті жүйе күшіне енеді
Литва	20% – 32%	Жоғары табысқа қосымша 32 %
Чехия	15% – 23%	Жоғары табысқа қосымша салық бар
Словения	16% – 50%	Ең жоғары ставка ЕО ішінде ең жоғарылардың бірі
Ирландия	20% – 40%	Орташа табыстан бастап жоғары салық жүктемесі
Исландия	17% – 31,8%	Қосымша муниципалды салық қосылады
Мальта	0% – 35%	Төмен табысқа толық босату бар
Ескертпе: Авторлармен [10] дереккөз негізінде құрастырылған.		

АҚШ, Қытай, Үндістан, Германия және Франция сияқты дамыған мемлекеттерде прогрессивті салық салу жүйесі әлеуметтік теңдікті сақтаудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Сонымен қатар, Балтық елдері, Мальта, Словения және Ирландия секілді шағын мемлекеттерде прогрессивті салық салу жүйесі Еуропалық Одақтың талаптарына барынша бейімделіп, әлеуметтік саясатты қолдауға бағытталған.

Балтық елдері (Эстония, Латвия, Литва) посткеңестік кеңістіктен шыққанына қарамастан, Еуропалық Одақтың талаптарына сәйкес прогрессивті салық салу моделін кезең-кезеңімен енгізіп келеді. Эстонияда формалды түрде бірыңғай салық мөлшерлемесі сақталғанымен, әлеуметтік аударымдар жүйесі арқылы прогрессивті әсер қалыптастырылады.

Орталық Еуропада (Чехия, Словения) жоғары табыстарға қатаң салық жүктемесі қолданылады. Әсіресе, Словениядағы 50%-дық мөлшерлеме ЕС бойынша ең жоғары көрсет-

кіштердің бірі болып табылады және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің құралы ретінде қарастырылады.

Батыс Еуропа мен Солтүстік Атлантика елдері (Ирландия, Исландия, Мальта) тіпті шағын экономика жағдайында да прогрессивті салық жүйесінің тиімділігін көрсетеді. Ирландияда салық жүктемесі орташа табыс деңгейінен бастап айтарлықтай өседі, ал Исландияда қосымша прогрессия муниципалды салық арқылы қамтамасыз етіледі. Мальтада әлеуметтік саясаттың ерекшелігі – төмен табысты топтарды салықтан толық босату болып табылады.

Жалпы алғанда, ЕС-ке мүше шағын мемлекеттерде прогрессивті салық жүйесі бір уақытта бюджет тұрақтылығын қамтамасыз етудің құралы болып қана қоймай, халық арасында әлеуметтік тепе-теңдікті сақтаудың негізгі механизмі ретінде де қызмет етеді.

Кесте 4 – Прогрессивті жеке табыс салығын пайдаланатын ірі мемлекеттер

Ел	Ставка диапазоны	Ерекшелігі
АҚШ	10% – 37%	Федералдық жүйе, әр штатта қосымша салық бар
Қытай	3% – 45%	7 сатылы прогрессивті жүйе
Үндістан	5% – 30%	Әлеуметтік жеңілдіктер көп, ауыл тұрғындарына ерекше режим
Германия	0% – 45%	«Солидарлық салығы» бар (шығыс аймақты қолдау үшін)
Франция	Жалпы алғанда, Еуропалық Одаққа мүше шағын мемлекеттерде прогрессивті салық жүйесі бір уақытта бюджет тұрақтылығын қамтамасыз етудің құралы болып қана қоймай, сондай-ақ халық арасында әлеуметтік тепе-теңдікті сақтаудың негізгі механизмі ретінде де қызмет атқарады. 0% – 45%	Әлеуметтік төлемдермен бірге салық жүктемесі жоғары
Жапония	5% – 45%	Жоғары табысқа айтарлықтай ауыртпалық
Бразилия	0% – 27,5%	Орта табыстан бастап-ақ жоғары салық салынады
Ресей	13% (базалық), 15% (5 млн Р жоғары табысқа)	2021 жылдан бастап жартылай прогрессивті жүйе енгізілді
Ескертпе: Авторлармен [11] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Кестеде көрсетілгендей, прогрессивті жеке табыс салығын ірі мемлекеттердің басым бөлігі қолданады. Мұнда әрбір елдің үлгісі оның әлеуметтік-экономикалық ерекшелігіне негізделген.

АҚШ, Қытай, Үндістанда көпсатылы жүйе халықтың табыс айырмашылығын реттеуге бағытталса, Германия мен Францияда прогрессивті салық әлеуметтік мемлекет қағидаттарын жүзеге асырудың негізгі тетігіне айналған (мысалы, Германиядағы «солидарлық салығы»). Жапония жоғары табыстыларға ауыр жүктеме енгізсе, Бразилияда орта табыстан бастап-ақ салыстырмалы түрде жоғары ставка қолданылады. Ресейдің 2021 жылдан бастап жартылай прогрессивті жүйеге көшуі посткеңестік кеңістіктегі жаңа үрдісті көрсетеді. Жалпы прогрессивті салық салу табысты қайта бөлудің, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етудің және бюджеттік тұрақтылықты сақтаудың әмбебап құралы болып табылады, алайда әр елде оның қолдану формасы ұлттық ерекшеліктерге тәуелді.

Ауқымды елдерде (АҚШ, Қытай, Үндістан, Германия, Франция) прогрессивті салық әлеуметтік теңдікті сақтаудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Ал, шағын елдерде (Балтық елдері, Мальта, Словения, Ирландия) прогрессивті жүйе көбіне ЕО талаптарына бейімделген және әлеуметтік саясатты қолдайды.

Кесте 5 – Прогрессивті салықты пайдаланатын ауқымды емес, шағын елдер

Ел	Ставка диапазоны	Ерекшелігі
Эстония	20% (бірыңғай), бірақ дивиденд пен әлеуметтік аударымдарда сатылы	Көбіне flat tax, бірақ жеңілдіктермен прогрессивті
Латвия	20% – 31%	2025 жылдан бастап жаңа прогрессивті жүйе күшіне енеді
Литва	20% – 32%	Жоғары табысқа қосымша 32%
Чехия	15% – 23%	Жоғары табысқа қосымша салық бар
Словения	16% – 50%	Ең жоғары ставка ЕО ішінде ең жоғарылардың бірі
Ирландия	20% – 40%	Орташа табыстан бастап жоғары салық жүктемесі
Исландия	17% – 31,8%	Қосымша муниципалды салық қосылады
Мальта	0% – 35%	Төмен табысқа толық босату бар
Ескертпе: Авторлармен [12] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Балтық елдері (Эстония, Латвия, Литва) посткеңестік кеңістіктен шыққанымен, ЕО талаптарына сай прогрессивті модельді кезең-кезеңімен енгізуде. Эстонияда формальді түрде бірыңғай ставка сақталғанымен, әлеуметтік төлемдер арқылы прогрессивті әсер қалыптасады.

Орталық Еуропа (Чехия, Словения) жоғары табысқа қатаң салық жүктемесін қолданады. Әсіресе, Словениядағы 50% ставка – ЕО ішіндегі ең жоғарылардың бірі, бұл әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету тетігі ретінде көрінеді.

Батыс Еуропа мен Солтүстік Атлантика (Ирландия, Исландия, Мальта) шағын экономика жағдайында да прогрессивті жүйенің тиімділігін дәлелдейді. Ирландияда орта табыстан бастап ақ салық айтарлықтау өссе, Исландияда муниципалды салық арқылы қосымша прогрессия жүреді. Мальтада төмен табысты толық босату – әлеуметтік саясаттың бірегей ерекшелігі.

Жалпы алғанда, шағын мемлекеттер үшін прогрессивті салық жүйесі бюджеттік тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, халық арасында әлеуметтік теңгерімді сақтаудың басты құралы болып отыр.

Зерттеу материалы ретінде, ең алдымен, Қазақстанның салық заңнамасының нормативтік актілері пайдаланылды. Бұл жерде басты назар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне аударылды, себебі ол елдегі жеке тұлғаларға салық салудың негізгі принциптері мен тәртібін айқындайды [13]. Сонымен қатар, ҚР Ұлттық статистика бюросының 2019–2024 жж. аралығындағы салық түсімдері, салық салынатын табыстар және жеке тұлғаларға салынатын салық мөлшерлемелері бойынша жинақталған деректері зерттелді [14]. Бұл статистикалық мәліметтер салықтық саясаттың тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері жүйелі, салыстырмалы және статистикалық әдістерді қамтиды. Зерттеу жұмысында қолданылған салыстырмалы талдау әдісі Қазақстан мен басқа елдердің салық жүйелерін салыстыруға бағытталды. Бұл әдіс шеңберінде АҚШ, Германия, Франция, Грузия және Өзбекстанның жеке тұлғаларға салық салу тәртібі зерделенді. Әрбір елдің салық салу жүйесінің ерекшеліктері, салық мөлшерлемелерінің құрылымы, жеңілдіктер мен шегерімдер жүйесі салыстырылды. Қазақстанның жеке табыс салығының деңгейін халықаралық стандарттармен салыстыру арқылы салық саясатын жетілдірудің жолдары анықталды.

Жүйелі талдау әдісі зерттеу барысында салық жүйесінің жалпы құрылымын, оның институционалдық негіздері мен салықтық әкімшілікті жақсарту үшін қабылданған заңнамалық өзгерістерді бағалауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс салық төлеушілердің мінез-құлық үлгілерін және салықтық түсіндірме жұмыстарының тиімділігін зерттеуге негізделді. Сонымен қатар, көлеңкелі экономика мен салықтық сәйкессіздік мәселелері қарастырылды. Осылайша, жүйелі талдау әдісі Қазақстанның салық жүйесіндегі кемшіліктерді анықтап, оларды жою жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді.

Институционалдық талдау әдісі зерттеу барысында салық жүйесінің құқықтық негіздерін және оның әр түрлі салық төлеушілерге әсерін анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс Қазақстанның салық заңнамасын, салықтық жеңілдіктер мен шегерімдер жүйесін, сондай-ақ салықтық құқық бұзушылықтарға қарсы қабылданған шараларды бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, салыстырмалы құқықтық талдау негізінде салықтық реформа бағыттары мен салықтық әкімшілікте жүргізілген өзгерістердің тиімділігі талданды.

Нормативтік-құқықтық талдау әдісі зерттеу объектілерінің заңдық аспектілерін зерделеуге арналған. Бұл әдіс салық салудың халықаралық тәжірибесін, соның ішінде OECD, IMF және Дүниежүзілік банк ұсынған салықтық саясатты қолдануды қарастырады. Нормативтік-құқықтық талдау барысында Қазақстанның салық заңнамасы мен халықаралық стандарттар арасындағы сәйкестігі бағаланып, салық жүйесіндегі кемшіліктер мен олардың шешілу жолдары қарастырылды [15].

Зерттеу барысында алынған мәліметтер кестелік және диаграммалық түрдегі визуализацияға негізделген салыстырмалы талдау әдістері арқылы өңделді. Бұл әдіс жеке табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу қажеттілігі, салық салу құрылымының жаңару қажеттілігін көрсетуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларға салық салудың қазіргі жағдайын және оның халықаралық тәжірибелермен салыстырмалы талдауын көрсетеді. Салық салу жүйесінің тиімділігіне әсер ететін факторлар анықталды, ал салыстырмалы талдау әдісі Қазақстан мен әлемнің басқа елдеріндегі салық салу тәртіптерінің ерекшеліктерін ашып көрсетті.

1. Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларға салық салудың негізгі мәселелері.

Қазақстанның салық жүйесінің негізгі кемшіліктері ретінде салық жүктемесінің теңсіздігі, көлеңкелі экономиканың кеңдігі, салықтық әкімшілікте орын алатын бюрократия және салық төлеушілердің құқықтық сауаттылығының төмендігі анықталды. Қазақстандағы жеке табыс салығының ставкасы салыстырмалы түрде төмен болғанымен, оның құрылымы мен тиімділігі бойынша көптеген мәселелер бар. Бұл зерттеуде анықталғандай, жеке табыс салығының прогрессивті шкаласының жоқтығы салық жүктемесін төмен табысы бар азаматтар үшін арттырады.

Кесте 6 – Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығының мөлшерлемелері, 2025

Табыс мөлшері (жылдық)	Салық ставкасы (%)
0 – 3,000,000 KZT	10
3,000,000 – 7,000,000 KZT	12
7,000,000 KZT жоғары	15
Ескертпе: Авторлармен [15] дереккөз негізінде құрастырылған.	

Кесте бойынша, Қазақстанда табыс мөлшеріне қарай салық ставкасы тек үш деңгейден тұрады, бұл басқа дамыған елдермен салыстырғанда жеткіліксіз прогрессивті. Қазіргі уақытта жеке табыс салығы жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында прогрессивті шкаланың кеңейтілуі қажет екендігі байқалады.

2. Халықаралық тәжірибе және салыстырмалы талдау.

Салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша, шетелдік тәжірибеде салық ставкасының прогрессивтілігі мен салық төлеушілерге ұсынылатын жеңілдіктер жүйесі елеулі ерекшеліктерге ие. Мысалы, Германияда және Францияда жеке тұлғаларға салық салу прогрессивті шкала негізінде жүзеге асырылады, ал АҚШ-та жеке табыс салығының жоғарғы шегі өте жоғары (37%) және азаматтар салық жүйесіне төлемдерді мерзімінде төлеу үшін көптеген жеңілдіктер мен жеңілдіктерді пайдалана алады [16].

Кесте 7 – Германия, Франция және АҚШ-тағы жеке табыс салығының жоғары ставкасы

Ел	Жоғарғы ставка (%)	Табысқа қатысты жеңілдіктер
Германия	45	Жұмысшылар мен отбасыларға салықтық жеңілдіктер
Франция	45	Отбасы мүшелері үшін салықтық жеңілдіктер
АҚШ	37	Салық жеңілдіктері мен салықтық несиелер
Ескертпе: Авторлармен [17] дереккөз негізінде құрастырылған.		

Кесте 7 бойынша, жоғары салық ставкасының бар болуы мен салықтық жеңілдіктердің кеңінен таралуы жеке тұлғаларға салық салудың әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан тиімділігін арттырады. Қазақстанда салықтық жеңілдіктер жүйесін кеңейту және прогрессивті шкаланы енгізу аса маңызды.

3. Қазақстан салық жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер негізінде салық жүйесінің тиімділігін арттыру үшін бірнеше ұсыныс жасалды:

Прогрессивті салық шкаласын енгізу: Қазақстанда жеке табыс салығының прогрессивті шкаласын енгізу арқылы салық жүктемесін әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан реттеу қажет.

Салық жеңілдіктерін енгізу: Қоғамның әлеуметтік осал топтарына салық жеңілдіктерін енгізу арқылы теңсіздікті азайтуға болады.

Салық әкімшілігін цифрландыру: Салық төлеушілердің салықты төлеу процесін жеңілдету үшін салықтық жүйені цифрландыру қажет. Бұл ретте салық заңнамасының қолжетімділігі мен түсініктілігін арттыру үшін онлайн платформаларды дамыту ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның салық жүйесін халықаралық тәжірибелермен салыстыру арқылы оның кемшіліктерін анықтап, тиімділігін арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар жасауды мақсат етті.

Салық Кодексін білу арқылы жеке тұлғалар көптеген жеңілдік түрлерін пайдалануына болады.

Еліміздегі ЖТС (жеке табыс салығы) бойынша негізгі жеңілдіктер/шегерімдер.

♦ Стандартты шегерім 30 АЕК – қызметкерлердің табысына қолданылып, салық салынатын базаны азайтады (бір ғана негізгі жұмыс орнынан жеңілдік ретінде ай сайын жеке табыс салығына шегерім қолдана алады).

♦ Стандартты шегерім 882 АЕК – Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, 3-топ мүгедектеріне, мүгедек баланың ата-анасына / қамқоршысына арнайы құжаттарымен растап өтініш қағазы негізінде жеңілдікті пайдалануына болады ($882 \text{ АЕК} \cdot 4 \cdot 325 = 3\,814\,650 \text{ тг}$).

♦ Ал 1-топ және 2-топ мүгедектігі бар адамдарға жылына 5000 АЕК ($5000 \text{ АЕК} \cdot 4325 = 21\,625\,000 \text{ тг}$) жеке табыс салығына шегерім қолданылады, арнайы құжаттарымен растап өтініш қағазы негізінде жеңілдікті пайдалануына болады.

Салық Кодексінің 347 бабына сәйкес жеке табыс салығына бірқатар жеңілдіктер көрсетілген соның ішінде көпбалалы жанұяларға: 2025 жылдың 1 қаңтар айына отбасында төрт немесе оданда көп кәмелетке толмаған балалары бар ата-аналарға беріледі. Жеңілдік алуға құқығы бар екендігін растау үшін балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері ата-анасы жұмыс істейтін мекемеге салықтық шегерім алу туралы өтінішпен бірге тапсырулары керек. Жеңілдікті ата-анасының біреуі немесе екеуі де бірге пайдалана алады. Жылдың ең жоғары шегерімі 282 АЕК-тен аспайды (АЕК 2025 ж. 3 932 теңгені құрайды). Жоғарыда айтылғандай жеңілдікті екі ата-анада немесе біреуі ғана пайдалана алады, яғни егер де бір ата-ана пайдаланса, онда ай сайын 23 АЕК мөлшерінде болады, егер екеуі де жеңілдікті пайдаланғысы келсе әрқайсысы ай сайын 12 АЕК шегерімді жеке табыс салығына жеңілдік ретінде пайдалана алады. Бұл жеңілдік түрі тек қана 2025 жылдың желтоқсан айына дейін ғана қолданыста болды.

Басқа да жеке тұлғалар пайдалана алатын салықтық шегерім түрлері бар, ол шегерімдерді 2025 жылдың соңына дейін ғана пайдалануға мүмкіндік болды, ал 2026 ж. төменде көрсетілген жеңілдіктер мүлдем тоқтатылды.

♦ Оқытуға жұмсалған шығындар бойынша салықтық шегерім. Өз пайдасына және асырауындағы 21 жасқа толмаған тұлғалардың (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта-арнаулы және жоғары білім) пайдасына қолданылуы мүмкін. Мөлшері жылына 118 АЕК-тен (2025 ж. – 463 976 тг) аспайды.

♦ Медицинаға арналған салықтық шегерім. Мөлшері жылына 118 АЕК-тен (2025 ж. – 463 976 тг) аспайды.

♦ Ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақыларға арналған салықтық шегерім. Мөлшері жылына 118 АЕК-тен (2025 ж. – 463 976 тг) аспайды. Алдыңғы жылдары жеке тұлғалар тек қана Отбасы банктегі заемдары бойынша сыйақы суммасын жеңілдік ретінде пайдалана алса, енді барлық банктердегі ипотекалық сыйақы суммаларын жеке табыс салығын азайту үшін жеңілдік ретінде пайдалана алады.

Жоғарыда айтылған жеңілдік түрлерін пайдалануда әрбір жеке тұлға «Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларация 270.00 нысанын» тапсыруы керек. Ал декларация тапсыру үшін жеңілдік пайдаланғанын растайтын құжаттары болуы қажет, құжаттардың түпнұсқалары талап қою мерзімі ішінде 3 жыл бойы жеке тұлғаның өзінде сақталуы тиіс [18].

Кесте 8 – Орталық Азия елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан)

№	Елдер	Салық ставкалары / құрылымы	Ерекшеліктері
1	Қазақстан	10%	Жоғары кірістерге прогрессивті ставка енгізу туралы ұсыныстар бар.
2	Қырғызстан	Көптеген табыс түрлері үшін 10% бірыңғай ставка қолданылады.	Алымның шегін анықтап, салық салынбайтын минимал табыс мөлшері бар, жеке кәсіпкерлерге, IT парк резиденттеріне жеңілдіктер, қарапайым салық режимдері бар (жалпы емес, жеңілдетілген / бірегей/“unified” салық)
3	Өзбекстан	12%.	Тұрғын тұлғалар үшін еңбек табысы, жалға алу, капитал өсімі және басқа да табыс көздері бойынша 12%, тұрғын емесер үшін де Өзбекстандағы табыс көздерінен алынатын табыстарға сол ставка (12%) қолданылады, азаматтарға дивидендтер мен пайыздар бойынша табыс салық ставкасы – 5%, азамат еместерге дивиденд пен пайыздар бойынша ставка – 10%, Халықаралық жүк тасымалдаулары қызметінен табыс (freight income) үшін тұрғыны емес тұлғаларға ставка – 6%, 2022–2028 жж. аралығында акционерлік компаниялардың акцияларынан түсетін дивидендтер мен корпоративтік облигациялар бойынша пайыз табысы ЖТС-тен босатылған.
4	Тәжікстан	12%, Тұрғын емес тұлғалар (non-residents) үшін – 20% ставка қолданылатын табыстарға қатысты.	Жұмыс орнынан алынатын табыс (primary employment income) үшін тұрғындарға 12% ставка, яғни бұл ставка ЖТС-тің негізгі ставкасы болып табылады, жұмыс орны негізгі емес болса (secondary employment), тұрғын емес немесе басқа табыс түрлері бойынша ставка әдетте көбірек немесе арнайы шарттарына байланысты өзгереді, IT Park-тағы резиденттерге арнайы жеңілдіктер бар – олар үшін ЖТС ставкасы кей жағдайларда азайтылған немесе жеңілдікпен есептелу мүмкіншілігі қарастырылған.
5	Түрікменстан	Жалпы жеке табыс салығы ставкасы – 10%, Бұл ставка жұмыс табысы, кәсіпкерлік табыс, кәсіби қызмет табысы, пайыз, авторлық сыйақы, жылжымайтын мүлік табысы, капитал өсімі секілді барлық негізгі табыс көздеріне қолданылады.	Тұрғын тұлғалар — жалпы әлемдік табыстарынан (worldwide income) салық төлейді. Капитал өсімі, жылжымайтын мүліктен табыс секілді кейбір табыс көздеріне де 10% ставка қолданылады.
Ескертпе: Авторлармен [19] дереккөз негізінде құрастырылған.			

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген Орталық Азия елдерін жеке табыс салығы бойынша Қазақстанмен салыстырмалы талдау.

1. Ставкалардың тұрақтылығы: Қазақстан мен Түрікменстанда жеке табыс салығының ставкасы біркелкі (10%) және қарапайым құрылымға ие, бұл елдердің салық әкімшілігін жеңілдетуге бағытталғанын көрсетеді. Басқа елдерде, мысалы, Өзбекстан мен Тәжікстанда ставка тұрғындық мәртебесіне немесе табыс түріне байланысты өзгереді, бұл күрделі салық жүйесін және халықаралық кірістерді есептеуді қажет етеді.

2. Жеңілдіктер мен арнайы режимдер: Қазақстанда қазіргі кезде негізгі ставка тұрақты болса да, жоғары кірістерге прогрессивті ставка енгізу ұсыныстары бар. Қырғызстан мен Тәжікстанда IT парк резиденттері мен жеке кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген салық режимдері қарастырылған, бұл экономикалық дамудың белгілі секторларын қолдауға бағытталған.

3. Тұрғын емес тұлғаларға ставкалар: Қазақстанда негізгі ставка тек резиденттерге қолданылады, ал Тәжікстан мен Өзбекстанда тұрғын емес тұлғалар үшін ставка жоғары (20% және 12%), бұл шетелдік қызметкерлер мен халықаралық кірістерді тиімді салықтауға бағытталғанын көрсетеді.

4. Дивидендтер мен пайыздардан алынатын табыс: Қазақстанда дивидендтер жеке табыс салығының негізгі ставкасына кіреді (10%), ал Өзбекстанда тұрғындарға 5%, тұрғын еместерге 10% ставка қолданылады, бұл елдің қаржылық нарықтағы инвестициялық саясатымен байланысты.

5. Экономикалық саясатқа әсері: Жалпы, Қазақстандағы жүйе қарапайым әрі тұрақты болғанымен, Орталық Азия елдері салыстырмалы түрде күрделі құрылымға ие, бұл салық жинау тиімділігі мен экономикалық ынталандыру арасындағы балансқа әсер етеді. Жеңілдетілген режимдер мен арнайы ставкалар инновациялық секторлар мен шетелдік инвестициялар үшін тартымдылықты арттырады.

Қорытынды

Зерттеу барысында жеке тұлғаларға салық салу саласындағы Қазақстан тәжірибесінің қазіргі жай-күйі жан-жақты талданды және халықаралық тәжірибемен салыстырмалы түрде қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығы жүйесі белгілі бір деңгейде тұрақты жұмыс істегенімен, оның құрылымында шешімін қажет ететін мәселелер бар екендігі анықталды. Әсіресе, табысқа қарай салық ставкасының жетілмеген прогрессивтілігі, жеңілдіктер жүйесінің тар ауқымы, сондай-ақ көлеңкелі табыстардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі елдегі салық жүйесінің әділеттілігі мен тиімділігіне теріс әсер етуде.

Салыстырмалы талдаулар көрсеткендей, дамыған мемлекеттердің көпшілігінде табыстың деңгейіне байланысты салық мөлшерлемесінің саралануы, салық төлеушілерге арналған жеңілдіктер мен ынталандыру тетіктері жан-жақты дамыған. Бұл механизмдер тек қана мемлекеттік кірісті арттырып қоймай, сонымен қатар әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге де бағытталған.

Қазақстанда осы бағыттарды дамыту – салық жүйесінің тиімділігін арттырудың және әлеуметтік теңдікті сақтаудың басты жолдарының бірі болып табылады.

Зерттеу негізінде келесідей ұсыныстар берілді: табысы жоғары және төмен азаматтар арасындағы салықтық теңгерімді қамтамасыз ету мақсатында прогрессивті табыс салығы жүйесін енгізу; салық төлеушілерге арналған жеңілдіктердің аясын кеңейту; салықтық әкімшілендірудің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру үшін цифрлық технологияларды барынша пайдалану. Сонымен қатар, азаматтардың салық мәдениетін арттыру да ұзақ мерзімді оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, Қазақстандағы жеке тұлғаларға салық салу жүйесін жетілдіру тек мемлекеттік бюджеттің тұрақтылығын емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттіліктің артуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Зерттеу нәтижелері осы бағытта ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге және ұлттық салық саясатын жетілдіруге үлес қосады деп есептеледі.

Қазақстан Республикасында прогрессивті салық ставкаларын енгізу қажеттілігі бірқатар әлеуметтік-экономикалық факторлармен негізделеді. Біріншіден, ел ішіндегі табыстардың біркелкі бөлінбеуі және жоғары табыс пен төмен табыс топтары арасындағы айырмашылықтың артуы салық жүйесінің әлеуметтік әділеттілігін қайта қарауды талап етеді. Екіншіден, қолданыстағы пропорционалды салық моделі төмен және орта табысты азаматтарға салыстырмалы түрде жоғары фискалдық ауыртпалық түсіріп, табыс теңсіздігін тереңдетуі мүмкін. Үшіншіден, дамыған елдердің тәжірибесі прогрессивті салық жүйесі әлеуметтік трансферттерді қаржыландырудың және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің тиімді құралы екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелеріне ғылыми тұрғыдан баға беретін болсақ, ұсынылған тұжырымдар Қазақстанның жеке табыс салығы жүйесінің қазіргі моделіндегі институционалдық шектеулерді нақты айқындауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, салықтық жүктеменің әлеуметтік теңгерімсіздігі, жеңілдіктер жүйесінің жеткіліксіздігі және цифрлық әкімшілендірудің толық іске аспауы анықталды. Бұл нәтижелер Қазақстанның салық жүйесін тек фискалдық құрал ретінде емес, әлеуметтік саясаттың маңызды элементі ретінде қайта қарау қажеттігін көрсетіледі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін Қазақстан Республикасының салық саясатын реформалау процесінде қолдануға болатындығымен сипатталады. Ұсынылған прогрессивті салық салу элементтері бюджет кірістерін әділетті бөлуге, әлеуметтік осал топтарды қорғауға және көлеңкелі экономиканың үлесін азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кірістер комитеті және заңнамалық органдар үшін салық реформаларын әзірлеу кезінде әдістемелік негіз ретінде қолданылуы мүмкін. Осылайша, зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының салық жүйесін әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық тиімділік қағидаттарына негізделген жаңа деңгейге көтеруге бағытталған ғылыми және практикалық ұсыныстар жиынтығын қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Кодексі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ (өзгертулерімен және толықтыруларымен). – Астана, 2017.
- 2 OECD. Revenue Statistics 2022: Comparative Tables on Personal Income Tax and Social Contributions. Paris: OECD Publishing, 2022. URL: <https://www.oecd.org/tax/revenue-statistics/> (accessed: 20.02.2026)
- 3 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. URL: <https://www.stat.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 20.02.2026)
- 4 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша 2023 жылғы есеп беру құжаты. – Астана, 2024. URL: <https://stat.gov.kz>
- 5 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі. Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша 2023 жылғы есеп беру құжаты. – Астана, 2024. URL: <https://stat.gov.kz>
- 6 Қазақстан Республикасының Салық кодексі (Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы): Қазақстан Республикасының Кодексі. 2017 жылғы 25 желтоқсан № 120-VI ҚРЗ (өзгертулерімен және толықтыруларымен). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (өтініш берілген күн: 20.02.2026)
- 7 Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Салық түсімдері жөніндегі статистикалық деректер. – Астана, 2024. URL: <https://stat.gov.kz> (өтініш берілген күн: 20.02.2026)
- 8 OECD. Revenue Statistics 2023. Paris: OECD Publishing, 2023. URL: <https://www.oecd.org/tax/revenue-statistics> (accessed: 20.02.2026)
- 9 International Monetary Fund (IMF). Fiscal Monitor–Taxing Times. Washington, D.C.: IMF, 2023. URL: <https://www.imf.org/en/Publications/FM> (accessed: 20.02.2026)
- 10 World Bank. Global Economic Prospects. Washington, D.C.: World Bank, 2023. URL: <https://www.worldbank.org/en/publication/global-economic-prospects> (accessed: 20.02.2026)
- 11 Internal Revenue Service (IRS). Federal Income Tax Rates and Brackets. 2025. URL: <https://www.irs.gov> (accessed: 20.02.2026)
- 12 Жанқұлиева А.С. Қазақстандағы жеке табыс салығының әлеуметтік аспектілері // Қаржы – Финансы. – 2022. – № 3. – 25–34 б.

- 13 Қазақстан Республикасының Салық кодексі (Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы) // «Әділет» құқықтық ақпараттық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (өтініш берілген күн: 20.02.2026)
- 14 OECD. Revenue Statistics 2023. Paris: OECD Publishing, 2023. URL: <https://www.oecd.org/tax/revenue-statistics> (accessed: 20.02.2026)
- 15 International Monetary Fund (IMF). Fiscal Monitor–Taxing Times. Washington, D.C.: IMF, 2023. URL: <https://www.imf.org/en/Publications/FM15> (accessed: 20.02.2026)
- 16 World Bank. Global Economic Prospects. Washington, D.C.: World Bank, 2023. URL: <https://www.worldbank.org/en/publication/global-economic-prospects> (accessed: 20.02.2026)
- 17 Қазақстан Республикасының Салық кодексі. (2017 ж. 25 желтоқсан, №120-VI). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (өтініш берілген күн: 20.02.2026) лық түсімдері жөніндегі статистикалық деректер. URL: <https://stat.gov.kz> (өтініш берілген күн: 20.02.2026)
- 18 Предварительный вычет в 2025 г. URL: <https://mybuh.kz/> (дата обращения: 20.02.2026)

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Salyq kodeksı (Salyq jáne búdjetke tólenetın basqa da mındettı tólemder turaly). Astana, 2017 25 jeltoqsan № 120-VI QRZ (ózgertulerimen jáne tolyqtyrularymen) (In Kazakh)
- 2 OECD. Revenue Statistics 2022: Comparative Tables on Personal Income Tax and Social Contributions. Paris: OECD Publishing, 2022. URL: <https://www.oecd.org/tax/revenue-statistics/> (accessed: 20.02.2026) (In English)
- 3 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jáne reformalar jónindegi agenttığınıñ Últtyq statistika bürosy. URL: <https://www.stat.gov.kz/> (jügingen küni: 20.02.2026) (In Kazakh)
- 4 Qazaqstan Respublikasy Últtyq ekonomika ministrlığı. Köleñkeli ekonomikağa qarsy is-qimyl boıynsha 2023 jylgy esep beru qújaty. Astana, 2024. URL: <https://stat.gov.kz> (In Kazakh)
- 5 Qazaqstan Respublikasy Últtyq ekonomika ministrlığı. Köleñkeli ekonomikağa qarsy is-qimyl boıynsha 2023 jylgy esep beru qújaty. Astana, 2024. URL: <https://stat.gov.kz> (In Kazakh)
- 6 Qazaqstan Respublikasynyñ Salyq kodeksı (Salyq jáne búdjetke tólenetın basqa da mındettı tólemder turaly): Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksı. 2017 jylgy 25 jeltoqsan № 120-VI QRZ (ózgertulerimen jáne tolyqtyrularymen). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (ötınısh berilgen күn: 20.02.2026) (In Kazakh)
- 7 Qazaqstan Respublikasy Últtyq statistika bürosy. Salyq túsımdery jónindegi statistikalyq derekter. Astana, 2024. URL: <https://stat.gov.kz> (ötınısh berilgen күn: 20.02.2026) (In Kazakh)
- 8 OECD. Revenue Statistics 2023. Paris: OECD Publishing, 2023. URL: <https://www.oecd.org/tax/revenue-statistics> (accessed: 20.02.2026) (In English)
- 9 International Monetary Fund (IMF). Fiscal Monitor–Taxing Times. Washington, D.C.: IMF, 2023. URL: <https://www.imf.org/en/Publications/FM> (accessed: 20.02.2026) (In English)
- 10 World Bank. Global Economic Prospects. Washington, D.C.: World Bank, 2023. URL: <https://www.worldbank.org/en/publication/global-economic-prospects> (accessed: 20.02.2026) (In English)
- 11 Internal Revenue Service (IRS). Federal Income Tax Rates and Brackets. 2025. URL: <https://www.irs.gov> (accessed: 20.02.2026)1989. (In English)
- 12 Janqúlieva A.S. (2022) Qazaqstandaғы jeke tabys salyғыnyñ áleumettık aspektulerı. Qarjy – Finansy. No. 3. P. 25–34. (In Kazakh)
- 13 Qazaqstan Respublikasynyñ Salyq kodeksı (Salyq jáne búdjetke tólenetın basqa da mındettı tólemder turaly) // «Ädilet» qúqyqtyq aqparattyq júiesı. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (ötınısh berilgen күn: 20.02.2026) (In Kazakh)
- 14 OECD. Revenue Statistics 2023. Paris: OECD Publishing, 2023. URL: <https://www.oecd.org/tax/revenue-statistics> (accessed: 20.02.2026) (In English)
- 15 International Monetary Fund (IMF). Fiscal Monitor–Taxing Times. Washington, D.C.: IMF, 2023. URL: <https://www.imf.org/en/Publications/FM15> (accessed: 20.02.2026) (In English)
- 16 World Bank. Global Economic Prospects. Washington, D.C.: World Bank, 2023. URL: <https://www.worldbank.org/en/publication/global-economic-prospects> (accessed: 20.02.2026) (In English)
- 17 Qazaqstan Respublikasynyñ Salyq kodeksı. (2017 j. 25 jeltoqsan, №120-VI). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (ötınısh berilgen күn: 20.02.2026) lyq túsımdery jónindegi statistikalyq derekter. URL: <https://stat.gov.kz> (ötınısh berilgen күn: 20.02.2026) (In Kazakh)
- 18 Predvaritel'nyj vychet v 2025 g. URL: <https://mybuh.kz/> (data obrashheniya: 20.02.2026) (In Russian)

МУРЗАГУЛОВА А.Б.,*¹

докторант.

*e-mail: aizhanmurzagulova@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-0532-4755

ИНТЫКБАЕВА С.Ж.,¹

д.э.н., профессор.

e-mail: s.intykbayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7776-7072

ГУЛИЕВ Ф.,²

PhD, доцент.

e-mail :farizg@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9531-7438

¹Университет «Тұран»,

г. Алматы, Казахстан

²Азербайджанский государственный
экономический университет,

г. Баку, Азербайджан

НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА И МЕЖДУНАРОДНОЕ СРАВНЕНИЕ

Аннотация

Данное научное исследование направлено на теоретический и практический анализ системы налогообложения физических лиц в Республика Казахстан. Особое внимание уделяется роли индивидуального подоходного налога (ИПН) в обеспечении налоговой справедливости и фискальной устойчивости. В исследовании практика налогообложения в Казахстане рассматривается в сравнении с налоговыми системами развитых стран – США, Германии, Франции, а также развивающихся государств – Кыргызстана, Узбекистана, Таджикистана и Туркменистана. В рамках сравнительного анализа изучаются структурные особенности налогообложения, налоговые ставки, механизмы администрирования и система налоговых льгот. Особое внимание в работе уделяется индивидуальному подоходному налогу в нашей стране: за последние пять лет собираются и систематизируются данные о районах, обеспечивающих наибольшие поступления в бюджет, после чего проводится их комплексный анализ. Проводится также анализ более чем десяти стран, в которых отсутствует индивидуальный подоходный налог, а также исследуются основные источники формирования их государственных доходов. В большинстве случаев ключевыми доходными источниками выступают нефть, газ, туризм и офшорный сектор. По результатам международного сравнительного анализа выявляются институциональные преимущества и системные недостатки действующей системы налогообложения в Казахстан. Кроме того, в ходе исследования анализируются актуальные вопросы, такие как теневая экономика, представление налоговых деклараций, уклонение от уплаты налогов и внедрение прогрессивной системы налогообложения, а также разрабатываются комплексные предложения, направленные на оптимизацию национальной налоговой политики. Результаты исследования позволяют предложить научно обоснованные подходы к реформированию налоговой системы Казахстан в условиях глобализации. Прогрессивная система налогообложения предполагает увеличение налоговой ставки по мере роста уровня дохода. Таким образом, в малых государствах – членах Европейского союза обеспечивается не только стабилизация бюджетных поступлений, но и снижение социального неравенства, а также укрепление принципов социальной справедливости в обществе.

Ключевые слова: налогообложение, физические лица, индивидуальный подоходный налог, налоговые системы, налоговые ставки, налоговые льготы, декларирование.

MURZAGULOVA A.B.,*¹

PhD student.

*e-mail: aizhanmurzagulova@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-0532-4755

INTYKBAYEVA S.ZH.,¹

d.e.s., professor.

e-mail: s.intykbayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0001-7776-7072

GULIYEV F.,²

PhD, associate professor.

e-mail: farizg@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-9531-7438

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Azerbaijan State University of Economics (UNEC),

Baku, Azerbaijan

TAXATION OF INDIVIDUALS: THE KAZAKHSTAN EXPERIENCE AND AN INTERNATIONAL COMPARATIVE ANALYSIS

Abstract

This research study is aimed at providing a comprehensive theoretical and practical analysis of the personal taxation system in the Republic of Kazakhstan. Particular emphasis is placed on the role of Personal Income Tax (PIT) in ensuring tax equity and fiscal sustainability. The study examines Kazakhstan's taxation practices through a comparative perspective, juxtaposing them with the tax systems of developed countries (the United States, Germany, and France) and developing countries (Kyrgyzstan, Uzbekistan, Tajikistan, and Turkmenistan). Within this framework, the structural features of taxation, tax rates, administrative mechanisms, and tax incentives are systematically analyzed. Particular attention is devoted to personal income taxation in the country, with data collected and analyzed for the past five years, focusing specifically on regions that contribute substantial volumes of tax revenues to the state budget. In addition, the study examines more than ten countries that do not impose a personal income tax, providing an analytical overview of their principal sources of public revenue. As a result of the international comparative analysis, the institutional strengths and systemic weaknesses of Kazakhstan's taxation system are identified and critically assessed. Furthermore, the study addresses pressing issues such as the shadow economy, tax filing compliance, tax evasion, and the potential introduction of a progressive taxation model. A progressive taxation system entails an increase in the tax rate as the level of income rises. In small member states of the European Union, such a model contributes not only to the stabilization of budget revenues but also to the reduction of social inequality and the strengthening of social justice within society.

Keywords: taxation, individuals, personal income tax, tax systems, tax rates, tax incentives, tax declaration.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 08.01.2026